

ОӘЖ 336.647

КӘСІПОРЫННЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Абухан Диана Русланқызы

Diana.abukhan@mail.ru,

Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Кожухметов З.К.

Қатаң бәсекелестік жағдайы кәсіпорындардың шығындарды басқару үдерісіне, оларды есептеу мен мониторинг жүргізудің жетілдіру жолдарын іздеуге үлкен қызығушылық тудыруна әкеледі. Кәсіпорында шығындарды басқару үдерісін ұйымдастыру шығындардың жалпы деңгейін төмендетуге көмектеседі. Бұл кәсіпорынға қосымша бәсекелік артықшылықтарды береді.

Шығындарды тиімді басқару кәсіпорында үлкен нәтижеге қол жеткізу, пайданы максималдау және өндірістің тиімділігін арттыруда мүмкіндігі зор. Кәсіпорын қызметінің негізгі қаржылық нәтижесі пайда болып табылады, ол оның келешекте дамуының негізі және қаражат көзі қызметін атқарады. Өндіріс көлемін немесе шығарылатын өнімге бағаны өсіру арқылы пайданы арттыруға болады, бірақ бұл әрдайым мүмкін емес және мақсатқа сай келмейді. Сол себепті кәсіпорынның пайдасын арттырудың негізгі шарты өнім өткізілімі мен өндіріс шығындарын төмендету, соның ішінде шығарылатын өнімнің өзіндік құнын төмендету болып табылады. Осыған орай шығындарды басқару және ұйымдастыру кәсіпорын үшін маңызды мәселе болып табылады.

Барлық кәсіпорындарда да шығындарды рационалды деңгейге дейін төмендету үшін резервтер қалыптасқан, ол кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігінің өсуіне, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға қол жеткізуге көмектеседі. Өнім бірлігін шығаруға шығындарды төмендету кәсіпорынға айтарлықтай төмен және икемді баға орнауға көмектеседі, ол бәсекелестер алдында маңызды артықшылық береді. Сол себепті әрбір кәсіпорын үлкен экономикалық нәтижеге қол жеткізу үшін шығындарды талдау мен оларды тиімді басқарудың маңызы зор.

Соңғы жылдары шикізат құнының, материалдардың, энергияның өсуіне, сонымен қатар, несиені тұтыну үшін пайыздық ставкалардың, жарнамаға деген шығындардың өсуіне байланысты өндіріс шығындарының өсуі тенденциясы бақылануда. Нарықтық қатынастардың қалыптастыру халықаралық тәжірибе мен нарықтық экономика кезеңіне өту ерекшеліктерін ескере отырып, өндіріс шығындарын басқару тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Бұл кәсіпорынға бәсекелестік жағдайында өмір сүруіне, пайданы максималдау мен шығындарды минималдауға, кәсіпорын қызметінің рентабельділігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Шығындарды басқарудың мақсаты – ылғи да шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және сонымен бір мезгілде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын ұстап тұру. Шығындарды басқару кез-келген басқару үдерісіне сай кезеңдерді өзіне біріктіреді [1].

Шығындарды дұрыс басқару үшін, біріншіден, оның мәнін сипаттайтын анықтама беру қажет, екіншіден, оларды нақты белгілері бойынша топтастыру қажет, ол олардың басқару объектісі бойынша шығын деңгейін белгілеуге көмектеседі және де кәсіпорында шығындарды басқарудың негізгі әдістерін зерттеп, жоспарлау, есептеу, бақылау, талдау жүргізу қажет.

Шығындар өндіріске және өнімді шығаруға қолданылатын белгілі бір кезеңдегі қорлардың ақшалай көлемін көрсетеді. Сонымен қатар, экономикалық категория ретінде кәсіпорынның, кәсіпкерлердің, жеке өндірушілердің және басқа да шаруашылық етуші субъектілердің ақша түрінде берілген шығындарын, айналымын және өнімнің өтімін көрсетеді.

Шығындар өндірісте жұмсалатын ресурстар (табиғи, еңбек, техника, құрал-жабдықтар, ақпараттық және т. б.) жиынтығынан тұрады.

Өндіріс шығындары өндіріске қажетті факторлардың төлемін көрсетеді. Осы өндіріске қажетті факторларды зерттеу дайындалған өнімді сатудан түскен пайда көлемінің шығындарды жабуы мен жағымды пайда әкелуіне жеткіліктілігін қамтамасыз етуі қажет. Пайда кәсіпкерлік қызметтің дамуының кепілі болып табылады. Бірақ, аталған мақсаттарға қол жеткізу жұмсалған шығындар көлеміне тәуелді болады. Сол себепті өндіріс шығындары экономикалық талдаудың маңызды бөлігі болып табылады.

Классикалық экономикалық теорияда шығындардың мәнін зерттеудің көмегімен келесі іргелі проблема белгіленіп, көрсетілді: капиталдың орташа пайда нормасын талдаудың маңыздылығы, оны қалыптастырудың тетігін анықтау [2].

Заманауи экономикалық теорияда өндіріс шығындарын кәсіпкер тұрғысынан қарастырады. Кәсіпорынның оңтайлы стратегиясын негіздейтін міндеттерді шешу барысында өндірістің кез келген факторын сатып алуға жұмсалған әрбір доллардың үстінен таза пайда алу принципіне негізделген мақсатқа қол жеткізіледі. Қазіргі таңда экономистер классикалық теорияда белгіленген мәселені шешуде нәтижелі қол жеткізді, яғни, пайданың орташа нормасын қалыптастыру механизмі жүйесін қалыптастырды [1].

Өндіріс шығындары тауарды дайындау үшін қажетті шығындарды көрсетеді. Бұндай шығындарға материалды өтеуге (шикізат, жанармай, энергия), жұмыскерлердің еңбек ақысын өтеуге, амортизацияға, өндірісті басқаруға кеткен шығындар жатады. Тауарды сату барысында оның құны ақшаға (ақшалай табысқа) айналады. Ақшалай табыстың бір бөлігі өндіріс шығындарының орнын толтыруға кетеді, ал қалған бөлігі пайда болып табылады.

Экономикалық ғылым және тәжірибе шығындарды зерттеуді өндірістің дамуымен бір мезгілде жүргізеді. Кәсіпорынның шығындары туралы түсінік үш маңызды жағдайға негізделеді:

-шығындар белгілі бір кезеңде өнімді өндіру кезінде қанша және қандай қорлар шығындалғанын көрсете отырып, қорларды қолдану арқылы анықталады;

-қолданылған қорлар көлемі ақшалай және натуралды бірліктермен көрсетіледі, бірақ экономикалық есептеулерде шығындардың ақшалай көрінісіне жүгінеді;

-шығындарды анықтау әрқашан белгілі бір мақсаттарға сай жүргізіледі, яғни ақшалай көріністегі қолданылған қорлар көлемін өнімді өндірудің негізгі функциялары және оның жалпы кәсіпорын немесе кәсіпорынның өндірістік бөлімшелері арқылы есептейді.

Өндіріс шығындарына және өнім өткізуге төмендегілерге байланысты шығындар қосылады[3]:

-ұдайы өнім өндірісі, белгіленген технология деңгейінде өндірістің ұйымдастырылуы;

-табиғи шикізаттарды қолдану;

-өндірісті дайындау және үйрену;

-өндірісті ұйымдастыру мен технологияны жетілдіру, сонымен қатар өнім сапасын жақсарту, оның сапалығын арттыру, ұзақ тұтыну және басқа да пайдалану қасиеттерін арттыру (капиталды емес сипаттағы шығындар);

-рационалдау және құрастыру, тәжірибиелік жұмыстарын жүргізу, моделдер мен нұсқаларды дайындау және тексеру, авторлық сыйақы төлеу және т. б.;

-өндірістік үдеріске қызмет ету;

-өндірісті шикізат, материал, жанармай, энергия, құрал-саймандар және басқа да еңбек құралдары және заттарымен қамтамасыз ету, негізгі өндірістік қорларды жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау, санитарлы-гигиеналық талаптарға сәйкес жұмыс жасау;

-қалыпты еңбек жағдайын және техника қауісіздігін қамтамасыз ету;

-өндірісті басқару: кәсіпорынның басқару аппараты қызметкерлерінің, фирма және оның құрылымдық бөлімшелерін, іс-сапарларын қаржыландыру, техникалық басқару құралдарын ұстау және аудиторлық қызметтерге төлемдер, кәсіпорынның, фирманың коммерциялық қызметімен байланысты өкілеттілік шығындар және т. б.;

-кадрларды дайындау және қайта дайындау;

-мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік сақтандыруға аударымдар.

Басқару есебінде шығындар жіктемесінің мақсаты басшыларға дұрыс, негізделген шешім қабылдауға көмектесу. Сол себепті шығындар жіктемесі үдерісінің мәні - бұл шығындардың басшылар әсер ете алатын бөлігін ерекше бөліп көрсету. Басқару есебі көздеген мақсаттарына өзінің функциялары арқылы жетуге бағытталған. Әр бір функцияның өз бағыты, мақсаты, міндеті, сонымен қатар, оларға қол жеткізудің өзіндік әдіс-тәсілдері бар.

Нарықтық экономикада шығындар нақты (бухгалтерлік), нақты емес (имплицитті) және қайтарылмайтын шығындар болып бөлінеді. Шығындарды бұлай бөлу басқару шешімдерін қабылдауда өте маңызды орын алады. Басқару үрдісінде шығындарды басқару функциялары бойынша бөлу төменгі кестеде берілген (1-ші кесте).

Кесте 1. - Шығындардың басқару функциялары бойынша жіктемесі

№	Жіктемелік белгілері бойынша	Басқару функцияларына байланысты шығындардың түрлері
1	Басқару шешімдерін қабылдау үрдісі бойынша	- нақты және баламалы; - релевантты, релевантты емес; - тиімді және тиімсіз.
2	Болжау үрдісі	- қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік
3	Жоспарлау үрдісі	- жоспарланатын және жоспарланбайтын
4	Мөлшерлеу үрдісі	- стандарттар, нормалар мен нормативтер және олардан ауытқуы
5	Ұйымдастыру үрдісі	- пайда болу орны мен аясына қарай; - қызмет функциялары мен жауапкершілік орталықтарына қарай
6	Есептеу үрдісі	- бір элементті және кешенді; - калькуляция баптары мен экономикалық элементтері бойынша; - тұрақты және өзгермелі; - негізгі және үстеме; - тікелей және жанама; - ағымдық және бір мерзімдік.
7	Бақылау үрдісі	- бақыланатын және бақыланбайтын
8	Реттеу үрдісі	- реттелетін және реттелмейтін
9	Ынталандыру үрдісі	- міндетті түрде ынталандырушы және қызықтырушы
10	Талдау үрдісі	- нақты, болжау, жоспарлау; - сметалық; - стандартты; - жалпы және құрылымдылық;

	- толық және жеке
Ескерту:[3] негізінде автор құрастырды	

Нақты шығындарға – кәсіпорынның пайдаланған ресурстары үшін төлейтін төлемдері жатады. Оларға шикізат, материалдар, отын, энергия, персоналдардың еңбекақысы, амортизация, көлік, сақтандыру және басқа өнім өндіру мен сату үшін жұмсалған шығындар жатады. Өнім өндірумен бірге, сатуға жұмсалған шығындар жиынтығы өнімнің толық өзіндік құнын құрайды. Сонымен бірге, өнімнің толық өзіндік құны тауарлық өнімді өндіруге кеткен шығындар динамикасы мен деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштердің біріне жатады. Нақты шығындар оперативті құжаттарда, қаржы есептерінде есептелгендіктен бухгалтерлік шығындар деп те аталады.

Экономикада шығындардың балама түрлері шығындарды жоспарлауда, болжауда қолданылады. Шығындар ең үздік баламалы түрде пайдалану тұрғысынан қарастырылса, оларды жіктелген шығындар деп атайды. Мұндай шығындар балама нұсқалары бар болған кезде пайда болады. Оларды есептеу оңайға соқпайды, сондықтан экономикалық шешімдер қабылдау кезінде есепке алынады. Ондай шығындар өзінің құрамына сыртқы шығындар (жабдықтаушыларға сатып алған ресурстар үшін төлем төлеу шығындары) мен ішкі шығындарды (фирмаға қарасты ресурстарды пайдалану шығындары) қамтиды. Фирмаға қатысты мұндай ішкі шығындар баламалы түрдегі ең ұтымды ресурстарды пайдалануға байланысты есептелген төлемақы шығындарына тең болады. Мұндай шығындар нақты емес немесе имплицитті шығындар деп те аталады.

Қазіргі таңда шығындарды басқару өз функциялары арқылы кәсіпорынның ішкі қызметін, оның стратегиясы мен тактикасын басқарудың негізгі ақпараттық фундаменті ретінде көрініс табуда. Осы жүйенің негізгі бағыты – бұл жедел және болжалды басқарушылық шешім қабылдау үшін ақпараттарды дайындау. Егер қазіргі таңдағы авторлардың шығындарды басқарудың мәні, мақсаты, міндеттері туралы пікірлерін жалпылап алатын болсақ, онда оларды төмендегідей көрсетуге болады.

Шығындарды басқару - бұл кәсіпорынның ресурстарын тиімді қолдану, өндіріс үдерісінің барлық кезеңдерінде ресурстарды үнемдеу және олардан болатын пайданы максимизациялау. Ол тек қана шығындарды азайтуды көздемейді, себебі басқарудың барлық элементтеріне тарайды. Шығындарды басқару арқылы кәсіпорын жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізеді.

Шығындарды басқару құралы – ол кәсіпорын шығындарының көптүрлілігі. Шығындарды басқару объектісі ол ұйымның өзіндік шығындары, олардың құрылу және азаю үдерісі. Ал шығындарды басқару субъектісі олар өндіріс бөлімшелері, басшылар және ұйым мамандары, яғни басқару жүйесі[4].

Шығындарды басқарудың маңызды міндеттері:

- кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру;
- шығындарды басқарудың негізгі функциялары арқылы анықтау;
- шығындарды жекелеген құрылымдық бөлімшелері бойынша есептеу;
- өнімнің (жұмыс, қызмет) бір бірлігіне деген шығынды есептеу - өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау;
- шаруашылық шешімдер қабылдау барысында шығындарды бағалауға көмектесетін ақпараттық базаны дайындау;
- бақылаудың және шығындардың өзгеруінің техникалық тәсілдері мен құралын анықтау;
- кәсіпорынның барлық өндірістік бөлімшелерінде және өндіріс үдерісінің барлық кезеңдерінде шығындарды төмендету қорларын іздеу;
- шығындарды нормалау әдісін таңдау;
- өндіріс үдерісін, ассортименттік және баға саясатынын қалыптастыруды, инвестициялау нұсқасын таңдауды, өнім өтімі мен өндіріс көлемін болжауды жетілдіру

бойынша басқарушылық шешімдерін қабылдау мақсатында шығындарды талдауды жүргізу.

Шығындарды басқарудың жоғарыда аталған міндеттерінің барлығы кешенді шешілуі қажет, тек осындай қадам кәсіпорын жұмысының жылдам тиімді өсуіне ықпалын тигізеді және пайда әкеледі.

Шығындарды басқарудың функциялары [5]:


-өндіріс шығындарын болжау, жоспарлау, нормалау және есептеу, өзіндік құнды калькуляциялау, инвестициялық қызмет пен капитал салымдарына деген шектелген (ұзақ мерзімді) шығындарды жоспарлау және есептеу;

-шығындарды әр түрлі бағыттары, сегменттері, өнімдері мен бөлімшелері бойынша, көрсеткіш динамикасы, шығындар сметасы мен нормадан ауытқуы бойынша бақылау және талдау;

-белгілі бір шаруашылық қызметті басқаруда қолдану үшін, қызметті бақылау мен персоналды ынталандыру үшін ішкі сандық және сапалық ақпаратты қалыптастыру;

-кәсіпорынның өндіріс үдерісінің барлық кезеңдері мен барлық өндірістік бөлімшелерінде шығындарды азайту резервтерін анықтау.

Шығындарды басқарудың негізгі функциялары болжау және жоспарлау, есептеу, бақылау (мониторинг), реттеу және координациялау, сонымен қатар, талдау болып табылады. Шығындарды талдауды жүйелі түрде жүргіземіз, яғни ұйымды жекелеген элементтерден тұратын бірлескен бөлік ретінде қарастырамыз. Жекелеген элементтерден тұратын бірлескен бөлік ретінде шығындарды басқару жүйесін 1-ші суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Шығындарды басқару жүйесі

Ескерту: [5] негізінде автор құрастырды

Егер шығындарды басқарудағы институционалды аспектілер жайында айтар болсақ, онда мынадай негізгі сауал туындайды: шаруашылық жүргізуші субъектінің ұйымдастырушылық құрылымының әрбір деңгейінде шығындарды басқарудың өзіндік қызметін құру қажет пе немесе шығындарды басқару саласында осы уақытқа дейін қалыптасқан менеджерлерге қосымша өкілеттілік беру қажет пе.

Шығындарды басқару жүйесінің негізгі элементтері болып шығындарды басқару объектілері (бұл шығындардың деңгейі, құрамы мен құрылымы) мен шығындарды басқару технологиясы (шығындардың нақты көрсеткіштерінің жоспарлыдан ауытқуын анықтау үшін қажетті шараларды жүзеге асыру) табылады.

Шығындарды басқару жүйесін ұйымдастыру кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін ұйымдастыру мен оны басқаруға құрылымдық және үдерістік

тәсілдерді аралас қолдануды талап етеді. Үдерістік тәсілдің мәні кәсіпорынның барлық қаржылық-шаруашылық қызметін екі категорияға бөлуге болатындығында: негізгі бизнес-үдерістер және қосымша бизнес-үдерістер.

Негізгі бизнес-үдерістер өнімді немесе қызметті ұсынумен, оны сатумен және тұтынушыға жеткізумен байланысты. Олар өзіне келесі бизнес-функцияларды қосады: шикізат пен басқа да материалдық ресурстарды жеткізуді қамтамасыз ету, өнімнің әр түрін өндіру, өнімнің өтімі мен маркетингі, кепілдік және сатылымнан кейінгі қызмет көрсету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Демесінов Т.Ж. Қаржылық талдау. Оқулық.-Алматы «Дәуір», 2017-320 б.
2. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиев Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы– Алматы: Экономика, 2006 – 328 б .
3. Қ.Құсайынов. Компанияның қаржылық жағдайы және оны жақсартудың жолдары. - Экономика и статистика, №1, 2016 ж.27 - бет.
4. Ержанов А. К., Айтанаева Ә. К, Жұманова Г. Ш., Баянова М. С., Иматаева Ә. Е. Басқару есебі. Оқу құралы/ Алматы: Экономика, 2009 ж.
5. Нуркашева Н.С. Өндірістік және басқарушылық есеп.// Алматы-2012